

#### Список литературы:

1. Савельев Д.А. Исследование сложности предложений, составляющих тексты правовых актов органов власти Российской Федерации // Право. Журнал Высшей школы экономики. 2020. № 1. С. 50–74.
2. Плотников А.В. Gunning–Fog Index для оценки пользовательских отзывов в интернете // Московский экономический журнал. 2021. №10. С. 481–497.
3. Kincaid, J.P., Fishburne, R.P., Rogers, R.L., & Chissom, B.S. Derivation of new readability formulas (automated readability index, fog count, and flesch reading ease formula) for Navy enlisted personnel. Research Branch Report 8–75. Chief of Naval Technical Training: Naval Air Station Memphis. 1975.
4. Дмитриева А.В. Искусство юридического письма: количественный анализ решений Конституционного Суда России // Сравнительное конституционное обозрение. 2017. No 3 (118). С. 130.

### КӨШПЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Байжанова К.Т., аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,*

Евразия даласында үстемдік еткен мыңжылдықтар көлемінде көшпенділер бірнеше мәрте белгілі бір дәрежедегі тұрақтылығымен, баяндылығымен танылған мемлекеттік құрылымдар құра білді. Кейде олар шаруашылығы мен мәдени байланыстары, тіпті даму деңгейі әртүрлі тайпалар мен халықтар қоныстанған үлкен аумақтарды қамтыған империялар түріне де ауысып отырды. Таза көшпенділік негізінде мемлекеттің пайда болуы мүмкін бе? Көшпенділер құрған мемлекеттік құрылымдар оның ішкі дамуының ғана нәтижесі ме, әлде өзге де сыртқы факторлардың әсері тиді ме деген сұрақтар ғылымда әр кезеңде қойылып, әр түрлі дәрежеде жауап берілген мәселе болып табылады. Осы мәселелерге және бұндай мемлекеттерде қандай әлеуметтік-экономикалық қатынастар үстемдік етеді деген сұрақтарға жеке көзқарасымызды білдірмес бұрын көшпенділіктің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Көшпенділік үш мыңжылдық көлемінде өмір сүрген дүниежүзілік көлемдегі құбылыс. Адамзаттың өзгерген табиғи жағдайға бейімделуінің тәсілі ретінде пайда болған көшпенділіктің негізгі ерекшеліктері мынада:

- мал шаруашылығы - шаруашылық әрекеттің үстем түрі;
- малдың қорегін жылдың төрт мезгілінде де өз аяғымен тауып жеуіне байланысты шаруашылықтың экстенсивті сипаты басым болуы;
- шаруашылық сипатына байланысты үнемі қоныс аударып отыру қажеттігі, көш-қонға тұрғындардың басым бөлігінің қатысуы;
- шаруашылықтың натуралды түрінің басым болуы.

Көшпенді мал шаруашылығының пайда болуы өндіруші экономикадағы қоғамдардың белгілі бір экологиялық аймаққа бейімделуі мен табиғи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, нақты тарихи тәртіптегі әр түрлі факторлардың синхронды әрекетінің нәтижесі. Шаруашылық-мәдени және әлеуметтік феномен ретіндегі номадизмнің алғы шарттары: 1) тиісті географиялық ортаның болуы. Аридтік аймаққа жату, құрғақшылықтың көшпенді мал шаруашылығынан басқа шаруашылықтың түрімен айналысуға мүмкіндік бермеуі; 2) далалық аймақ жағдайына тиімді бейімделген малдың түрін өсіру. Жылқы, қой малының басым болуы - олардың ылғалдың тапшылығына көнбіс болуына және үйір-отарлық рефлексі болғандықтан бағу жеңілрек болуына байланысты. Әрі олар шаруашылықтың қажеттігіне байланысты бір-бірін толықтырып отырады. Көшпенділер қоғамындағы малдың түрлік құрылымының үлгісінің болуы эко-биологиялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың жиынтығымен анықталады; 3) салт көліктің және доңғалақты-жегілетін көліктің болуы көшпенділіктің алғы шарттарының біріне жатады.

Көшпенділіктің даму барысы бірнеше сатыдан өтеді. Алдымен бір мезгілдік жайылымға шығару тәріздес аз қозғалудың тәсілі қолданылса, кейінірек ат-көлік жабдықтарының және көліктік малдарды арту тәсілдерінің жетілдірілуіне байланысты таза көшпенділікке ауысады; 4) белгілі бір деңгейдегі мүліктік теңсіздіктің болуы – малға деген жеке меншіктің болуын негіздейді.

Даму жолына байланысты көшпенділік үш кезеңге бөлінеді. Көшпенділіктің бірінші сатысы - көшпенді мал шаруашылығының белгілі бір объективті себептерге байланысты б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысы мен I мыңжылдықтың басындағы уақыт көлемінде отырықшылдықтың материалдық өндірісін жарып шығып, адамзаттың шаруашылық эрекетінің жаңа үлгісі ретінде қалыптасуымен сипатталады. Осы тұста б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда қалыптасқан отырықшыл – жер өңдеуші материалдық өндіріс өзінің потенциалды мүмкіндіктерін толығымен пайдаланғандықтан дағдарысқа ұшырады. Сонымен қатар, географиялық ортадағы климаттық өзгерістер шаруашылықтың жаңа түрімен айналысуға мүмкіндік беретін экологиялық үйірімдер дайындайды. Осы кезеңде жайылымдық мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылық топтар тарих сахнасына келді. Көшпенділіктің екінші сатысы жүйенің бейімделу мүмкіндіктерінің терендей түсуімен сипатталады, бұнда мерзімдік жайылымдық көшіп қону сатысынан таза көшпенділікке ауысу орын алады. Көшіп қонудың әртүрлі жүйелері қалыптасады, көшудің жабық цикліне ауысады. Біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының ортасында арбалы көшу жүйесі өзінің шырқау шыңына жетіп, бірқатар технологиялық жаңалықтар (үзеңгінің, қатты ердің, керегелі киіз үйдің пайда болуы, тері-былғарының кең таралуы) түріндегі жаңа мәліметтер қоры жинақталады. Бұл таза көшпенділік сатысы болды, ол географиялық ортаның аридизациялануының жаңа кезеңімен тұспа-тұс келеді. Көшпенділіктің үшінші сатысы ХУ-ХУІ ғасырлардағы көшпенділіктің жалпы дағдарысымен, оның әскери-саяси саладағы ықпалының төмендеуінен басталады. Бұрынғы кезеңде дағдарыстан шығудың жолы ретінде жаңа жерлерге қоныс аудару мүмкіндігі болса, бұл тұста отырықшы мемлекеттердің күшеюіне байланысты көшпенділер бұндай мүмкіндіктерден айырылады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшеліктерінің бірі – айтуға тұрарлықтай технологиялық жаңалықтардың, ұйымдастырушылық және әлеуметтік-мәдени жетілдірулердің болмауы көшпенді қоғамның бірте-бірте әлсіреуіне негіз болады.

Көшпенділер қоғамының қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталғаннан кейін, осы арада олардағы мемлекеттіліктің пайда болуына деген әртүрлі көзқарастарға шолу жасауды жөн көрдік. ХУІІІ - ХХ ғасырларда жарық көрген шетелдік әдебиеттерде көшпенділер қоғамының ішкі теңсіздігі жоққа шығарылады, көшпенді мемлекеттіліктің және империялардың пайда болуы көшпенділердің отырықшы-егіншілікпен айналысатын аудандарды басып алуымен немесе тайпа көсемінің күштілігімен, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығымен түсіндіріледі. Төңкеріліске дейінгі ресейлік ғалымдар көшпенділердің әлеуметтік ұйымы рулық-тайпалық байланыстарға негізделген деп суреттейді. Сөзіміздің дәлелі ретінде Н.А.Аристовтың мемлекеттің пайда болуына деген көзқарасын келтіруге болады: «возникали они вследствие усиления одного из племен, во главе которого стояли храбрые, умные и счастливые в своих предприятиях родоначальники, успевшие подчинить своему влиянию роды своего племени и покорить остальные племена» [1,184]. Бартольд те осындай пікірде болған, бірақ әлеуметтік және мүліктік теңсіздікті таныған [2,95]. А.М.Хазанов тез жиналатын және оңай ажыратылатын мүліктің – малдың болуы көшпенділерде мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің болуына мұрындық болды дей отырып, ғылымға белгілі Евразия даласындағы көшпенділер қоғамы өзінің даму деңгейі бойынша тап қалыптасу дәуірінен төмен тұрмағанын таниды. Таза көшпенділер қоғамында мықты мемлекеттіліктің болуына күмән келтіре отырып, оның пайда болуына ішкі және сыртқы алғы шарттардың қажет екендігін айтады. Мемлекеттіліктің қалыптасуына әсер ететін ішкі факторлар жер мен жайылымға деген қатынастың теңсіздігімен сипатталады. Бірақ бұл теңсіздік меншік категориясымен емес, пайдалану және иемдену теңсіздігімен түсіндіріледі. Біріншіден, бай мал иесі өзінің кедей руластарына қарағанда көп мөлшердегі

жайылым көлемін пайдаланады. Екіншіден, көшпенді аристократия жайылымды, су ресурстарын, көшу мерзімін және бағытын бөлді және оны дұрыс қолдануды бақылап отырды. Соған байланысты шөбі шүйгін жайылымды өзіне қалдырғанына қарамастан, өзгелерден әдет-ғұрыптық құқық ұйымдастырушылық-басқару әрекеті үшін алынатын төлем деп санайтын, тіркелмеген рента алып отырды. Бұл шын мәнінде қоғамға пайдалы қызметті басқарушы топтардың байлық пен билік көзіне айналдырғанын көрсетеді. «Для возникновения сравнительно прочной государственности у кочевников помимо внутренних предпосылок требуются также внешние. Поэтому основные устремления их аристократической верхушки направлены на завоевание и эксплуатацию других обществ, в первую очередь земледельческих» [3,179]. Бұндай мемлекеттік құрылымдардың сипаты жаулап алушылар мен жауланғандардың арасындағы қатынасқа байланысты екі бағытта дамиды. Бірінші жағдайда, көшпенділер отырықшы-жер өңдеушілерден салық алумен шектеледі. Олардың арасындағы қатынас әлеуметтік-экономикалық құрылымның негіздеріне әсер етпей, тек саяси аймақта ғана жүргізіледі. Даму екі түрлі нұсқада болуы мүмкін: а) мемлекеттік жойылып, ыдырап кетеді, ә) көшпенділер бірте-бірте отырықшылыққа ауысады (седентаризация). Екінші бағыт жаулап алушылардың отырықшылыққа өтуімен, олардың аристократиясының өзара сіңісуімен сипатталады.

Гумилев Л.Н. көшпенділер қоғамын жан-жақты зерттеудің нәтижесінде қоғам өмірінің қозғаушы күші ретіндегі пассионарлық ұғымын қалыптастырған. «Пассионарность – это характерологическая доминанта, необоримое внутреннее стремление к деятельности, направленной на осуществление какой-либо цели» [4,57]. Бұл мақсат адамдар үшін өздерінің өмірінен, сондай-ақ замандастары мен тайпаластарының өмірі мен бақытына қарағанда әлдеқайда құндырақ болып көрінеді. Оған жету үшін адамзат өзін де, өзгені де аямастан еңбек етеді. Соның нәтижесінде бөлініп шығатын энергетикалық импульс үлкен жүйенің құрылуына және өмір сүруіне себеп болады. «Образуется община людей, объединенных не привычным образом жизни, не материальными интересами, а сознанием единства судьбы, единством дела, которому они отдавали свою жизнь» [4,68]. Бұны Гумилев консорция деп атайды. Этникалық жүйенің пассионарлығының жоғарғы деңгейде болуы бір әлеуметтік мәдени доминанттың болуы жағдайында ғана жағымды нәтиже береді. Пассионарлықтың жоғарылығы жағдайында индивид жүйенің қағидаларына бағынуы қажет болса, акматикалық кезеңде өзара жауапкершілік пен өзара қорғау, ұжымдық жауапкершілік жүйесі қалыптасады. Әрбір адам өзі үшін, өзінің кішкентай ұжымы үшін, өз елі үшін де жауапкершілікте болды. Бұл этика жазылған заң – Шыңғыс ханның Ұлы Ясасы. Этногенездің жоғарыда көрсетілген кезеңдерінде жаңа мемлекеттік құрылымдар құрылып дамиды.

Келесі бір қарастырылатын көзқарас та мәселеге деген ерекше қатынасымен көзге түседі. Мурад Аджидың көзқарасы бойынша, көшпенділер жоғары салауатты, кең дүниетаным иелері. Шығысқа Тенгри дінін сыйлаған Эрке ханның (Кушан хандығы) «жақсылық жаса, сонда дүние де саған ізетті болады» -деген қағидасы қазір де өзекті деуге болады. Алтайдан Европаға қарай қозғалған Ұлы қоныс аудару аш-жалаңаш ордалардың көші емес, мәдениеттің көші болып табылады. Өйткені көшпенділер бұл сапарда өзгелердің жеріне қол сұқпай, бос, игерілмей жатқан жерлерді іске асырып, адамзат қажеттілігіне жарата білген. Ұлы қоныс аударудың нәтижесінде Европа жерінде көшпенділердің экономикасына негізделген, олардың дүниетанымына сүйенген жаңа мемлекеттер пайда болған [5,23].

Мемлекет элементтері ежелгі және орта ғасырларда пайда болды. Монғолдардың тұсындағы мемлекеттік құрылымға дербес ұлыстық жүйе енгізілді. Мысалы, зерттеуші Г.Федоров-Давыдов Шыңғыс хан империясының әскери қуатын жабайы көшпенділерден тұрғандығынан емес, ұйымдасқан мемлекеттің болғандығымен түсіндіреді.

Қазақ мемлекеттілігінің пайда болу тарихын оқып-үйренгенде, көшпенділер өркениеті қағидалары тұрғысынан қарастырылады. Себебі Ұлы далада көшпенді өндіріс тәсілі үстем болды. Соңғы жылдардағы ғалымдардың зерттеулерінде қазақ халқының мемлекеттігі

болғандығы толығымен мақұлданды. Мәселен, тарихшы ғалым М.Қозыбаев мемлекеттік болу үшін қандай белгі-нышандар керек екендігін айта келіп: «Ұлы далада мемлекеттік құрылымдар, тайпа одақтары мен қағанаттар Еуропадан ерте пайда болды, - деп атап көрсетті. Қазақ хандығында мемлекетке тән негізгі белгілер болған», - деп тұжырымдады [6,17].

XX ғасырдың 30—50-жылдарында көшпенділердің феодалдық мемлекеті туралы пікір орнықты. Бұл көзқарас бойынша, «көшпенділер адамзат дамуының жалпы арнасында жүре отырып, таптық қатынастарға жетті» деген тұжырым жасалды. Кезінде ағылшын экономисі А.Смит мал көшпенділерде ертеден жеке меншікке айналғандықтан, оларда мүліктік және әлеуметтік жіктелу де, қоғамдық саяси институттардың құрылуы да тез жүретіндігін атап көрсеткен болатын. Шынында, алғашқы еңбек бөлінісі бақташы тайпалардың бөлініп шығуынан бастау алып, маманданған көшпенді мал өсіруге ауысқан кезден-ақ (б.з.д. 2 – ші мың жылдықтың соңы — 1-ші мың жылдықтың басы) малға жеке меншік, мүлік теңсіздігі өмірге келді. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағындағы сақ, үйсін, ғұн, қаңлыларда біздің заманымыздың шегінде Батыс Еуропа елдеріндегі мемлекеттің қалыптасуы және дамуымен салыстырғанда өзгешеліктерге ие мемлекеттік белгілер пайда болды. Оған шаруашылықтың даму ерекшелігі тікелей әсер етті. Шығыс елдеріндегі көшпенді қоғамда ру-тайпа байланыстарының берік болғандығы белгілі. Көшпенді өркениет кезінде басқару рулық-тайпалық негізде жүрді. Ал көшпенділердің мемлекеттік құрылымына тән ерекшеліктердің көпшілігі -мемлекет құрамындағы халықтардың көшпенді өмір-тұрмысына байланысты. Атап айтар болсақ, көшпенді мемлекеттерде ешқашан жоғарыдан шексіз билік орнату мүмкін емес еді. Себебі орталықтан қысымшылық күшейген жағдайда халықтың басқа тайпа немесе мемлекеттік бірлестіктің қол астына, қамқорлығына көшіп кетуі әбден мүмкін болды. Сондай-ақ басқа тайпа бірлестігінің билікті басып алу мүмкіндігі үнемі төніп тұрды. Келесі бір ерекшелігі — көшпенді мемлекетте жоғары саяси билікті жүзеге асыруда әулеттік үстемдік орын алғанымен, бұл үстемдік ру-тайпа өкілдерінің билеушіні сайлап қою мүмкіндігімен шектеліп отырды. Бұл да дала демократиясының бір көрінісі еді. Сонымен бірге, бұл мемлекетте тұрақты әскер болған емес. Қажет болғанда кез келген көшпенді әскер қатарына қосылатын. Бүгінгі таңда тарихи үрдістерге бұрынғы қоғамдық-экономикалық формация өлшемімен қараудан бас тарту және өркениеттік тұрғыдан бағалау қалыптасып келеді. Өркениетке тән белгілердің бірі — мемлекеттің болуы. Демек, басқару ұйымының болуы өркениеттің ішкі құрылымының бір бөлігі ғана. Егер көшпенділер өркениеті бар болса, оларда мемлекеттің болуы да заңды құбылыс екендігі мақұлданды. Мемлекет — өте күрделі құбылыс, біртұтас табиғи этномәдени және әлеуметтік организм, оны бір-бірімен байланысты экономикалық, әлеуметтік, саяси, этностық, мәдени үдерістердің жиынтығы (кешені) ретінде кең көлемде түсіну қажет. Ең бастысы — қоғамдағы этностық сана-сезімнің нығаюы ғана оның мемлекет шыңына бірігуіне алғышарт бола алады. Көшпенділер де отырықшы халықтармен салыстырғанда өзіне тән ерекшелігі бар мемлекеттік нысандарды өмірге әкелді. Олар көшпенділіктен туындайтын рулық (патриархалдық) тәртіптерді дамыта отырып, мемлекеттік дәрежесіне жеткізді.

Жоғарыда келтірілген көзқарастармен қатар көшпенділердегі мемлекеттілікке деген өз ойымызды білдірсек, ол қоғамның өмір сүруінің негізгі талабы дегенге саяды. Мемлекеттілікке деген қажеттілік және оның таза көшпенді қоғамның өз ішінде қалыптасу мүмкіндігі мынандай жағдайлармен сипатталады:

1) Ұжымдасу. Мал шаруашылығын жүргізу барысында кездесетін әр түрлі еңбек операциялары: судың тапшылығына байланысты бірлесіп құдық қазу, мал суару, малды қыста жаю, күздету, жас төлдеген малға қамқорлық көрсету, сауын, қырқын т.б. материалдық мәдениет заттарын жасау (киіз басу) тұрғындардың әр түрлі топтарының бірлескен еңбегін қажет етті. Ұжымдасу өндірістік топ пен қауым деңгейінде жүргізілді;

2) Өндірістің дұрыс ұйымдастырылуының нәтижесінде қор жинала бастады. Бұл қор баоды және материалдық ресурстардың аздаған меншік иелерінің қолдарына шоғырлануын негіздеді;

3) Бірлескен өмір сүрудің қажеттілігінен туындаған жақындасу процесі жүріп отырды. Бір кеңістікті мекендеген замандастардың өмір сүру талаптарына сәйкес бір-бірімен әрекеттестікте болу қажеттілігі қанағаттандырылды. Жақындасудың негізгі себептері ұқсас өндіріс тәсілінің, ортақ дұшпанның немесе ортақ мүдденің болуы болып табылады;

4) Көшпенділер қоғамындағы әскери-саяси және өзге де сыртқы экономикалық өзара қатынас үлгілерін реттеу қажеттілігінің болуы.

Аталған себептерге байланысты экономикалық және экономикалық емес мүдделердің кең біртұтастығы негізінде коммуникативті қызметті қамтамасыз етуді және қоғамдық әрекетті үйлестіруді талап ететін әртүрлі әлеуметтік ұйымдардың сатылы өзара байланысты функционалдық-құрылымдық жақындасуы басталады. Олар әлеуметтік мәдени нормалар көмегімен индивидтердің экономикадан тыс, әскери-потестарлық және әлеуметтік мәдени өзара әрекеттестігі жүйесін реттеуге және олардың ортақ әлеуметтік мақсатқа жетуге бағытталған үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге арналған.

Көшпенділер ортасында диахрондық, ұрпақ аралық мәліметтік байланыс жүйесі үстемдік құрған. Оның дәлелі негізгі өндіріс құралы – мал атадан-балаға қалдырылған. Сондай-ақ, өмірлік тәжірибе де осы жолмен берілген. Соның негізінде этногенез процесі шаруашылық және мәдени біртектес ареалдарда қарқынды түрде жүреді. Себебі, онда маргиналды аймақтарға қарағанда бір тектес экономикамен, ортақ өмір салтымен және өмір сүрудің ұқсас жағдайындағы ерекше өндіріс тәсілімен туындаған мәдени тұтастық тезірек қалыптаса бастайды. Сөйтіп, мемлекеттілік құрудың барлық қажетті алғы шарттары жасалады.

Дүниетанымдағы кеңдік көшпендінің өмір сүруінің барлық қырында да көрініс береді. Мемлекеттік құрылымдағы ерекшеліктер де осыған байланысты. Батыста адам өмірі, оның ұйымы қатаң түрде, нақты жазба заңдармен реттелініп, мойын бұруға жар бермесе, Шығыста адамдар арасындағы қатынас әділеттілік, адамгершілік нормаларымен реттелінеді [7,57]. Қажетті жағдайда қоғамдық пікірдің өзі қатаң реттеуші қызметін атқарады. «Атты қамыс, жігітті намыс өлтіреді»-демекші, қоғамдық сөгістен қаймығу қатал заңдардан да күшті реттеу құралы болған. Батыста әркім өзі үшін ғана жауапты болса, бұнда ел өз балалары үшін өмір сүрген. Баланы бар мүмкіндігінше мәпелеп, аялап өсірген, соның жемісі ретінде ер жеткен бала әке-шешесін қамқорлығына алған. Ата салты, замана жалғастығы деген мүмкін осы болар.

Жалпы мәселені қорытындылай келе, «номадтық өндіріс тәсілі» деген түсініктің төңірегінде ой түйю қажеттігін айтпақпыз. Егер оның ерекшеліктерін толық дәлелдеу мүмкіндігі туатын болса, онда көшпенділікті «феодалдық» немесе өзге «таптық» өндіріс тәсілдерімен сипатталатын қоғамдық-экономикалық формацияға жатқызу қажеттігі болмай қалады, оны дербес зерттеу мүмкіндігі ашылады. «Көшпенділердің өндіріс тәсілі» Г.М.Марковтың еңбектерінде алғаш рет қарастырылды. Кейінгі кездерде толықтырылған көзқарастармен қоса қарастырғанда, оның мынандай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- қоғамдық өндірістің натуралдық-автаркиялық сипаты, қолөнер мен сауданың бөлінбеуі;

- еңбектің қоғамдық бөліну жүйесі ұжым, өзара көмек және бірлескен еңбек деңгейінде қызмет етеді;

- осыған байланысты әлеуметтік ұйымдасудың қауымдық үлгісі үстемдік етеді. Бұнда қауым түсінігіне ерекше мән берілген;

- материалдық өндіріс жүйесінің барлық элементтері ажырағысыз бірлікте қарастырылады;

- табиғи ресурстарды пайдалану биологиялық жолмен, яғни малмен, өндіріс құралдарымен жүзеге асырылған. Бұл еңбектеніп тер төгудің жоғарылығын және оның жемісінің өмір сүру ортасының мүмкіндігіне сәйкес келуін негіздейді;

- әлеуметтік-таптық жіктелу меншіктің экономикалық үлгілерінің үстемдік етуін, бағыныштылықтың экономикалық үлгілерінің басым болуын, экономикадан тыс күштеудің аздығын негіздейді;

- қоғам дамуындағы орталықтан алшақтау бағытының басым болуы әлеуметтік-құқықтық институттардың және мемлекеттік-билік инфрақұрылымының әлсіздігін анықтайды.

Бұл өндіріс тәсіліндегі негізгі қайшылық қоғамдық өндірісті ұжымдық ұйымдастыру, қауымдағы ортақ еңбек ету мен осы еңбектің жемісін жеке иемдену арасындағы қайшылық түрінде көрінеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсақ, әрбір елде саяси идеялардың дамуы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады, сондықтан да олардың барлығын бір жобаға салып қою мүмкін емес. Қазіргі кезде өмірде болып жатқан процестерді терең және жан-жақты түсіну үшін барынша зерттелінген және өзін-өзі ақтаған көзқарастар мен идеялардың шектелген аумағынан шығуға тырысу және алға қарай жылжу, жалпы өлшемдерді аша және бекіте білу қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – Москва, 1896. – 284 с.
2. Бартольд В.В. Образование империи Чингиз-хана. т.5. – Москва, 1968. – 278 с.
3. Хазанов А.М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей. – Москва: Наука, 1975. – 256 с.
4. Гумилев Л.Н. «Конец и вновь начало». – Москва: Институт Ди-дик, 1997. – 157 с.
5. Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – Москва: ОАО Типография Новости, 1999. – 45 с.
6. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К.Н., Жүкешев Қ.М. Қазақстан тарихы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 168 б.
7. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: теориялық мәселелері, тарихи тағылымы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 185 б.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Бирманова А.И., PhD, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*  
*Салиев М.У., магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті. Бұл кезде дүниежүзілік қоғамдастық та тарихтың еркімен қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсеналға ие болып қалған жас мемлекетпен сындарлы сыртқы саясатты жүргізуге мүдделі болды. Осыны ескере отырып, еліміз сыртқы және ішкі саясатта теңдестірілген амал-көзқарастар пайдасына саналы түрде таңдау жасады. Көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясы сол амалдардың өзегіне айналды.

Демократиялық қоғамның негізгі көрінісі – адам тұлғасына деген құрмет, оның құқықтарымен бостандықтарына қол сұғылмаушылық. Қазақстан әлем қауымдастығының толық мүшесіне айналып, конституциясында адамды ең қымбат құндылығы ретінде бағалады. Осыған орай республикамыздың құқықтық механизімін жетілдіру қажеттігі туындап, демократиялық қоғамға тән жаңа институттар пайда бола бастады. Осылардың бірі – омбудсмен институты.

2022 жылдың 19 қыркүйегінде ҚР Көнеституциясына қабылдаған өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, 83-1 баппен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты туралы енгізілді [1]. Омбудсмен институты мемлекеттік органдар мен жекелеген лауазымды тұлғалардың теріс қылықтары мен басқа да құқықбұзушылықтарына қарсы тұруда маңызды рөл атқарады. Шағымдар мен өтініштермен жұмыс істей отырып, пәндік саладағы